

2007 жылғы арналған Ақтөбе қаласының бюджеті туралы

Күшін жойған

Ақтөбе қалалық мәслихатының кезекті отыз бесінші сессиясының 2006 жылғы 26 желтоқсандағы N 284 шешімі. Ақтөбе қаласының Әділет басқармасында 2007 жылғы 9 қаңтарда N 3-1-63 тіркелді. Орындау мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әділет басқармасының 2008 жылғы 10 қаңтардағы N 1-06/82 хатымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6, 7 баптарына, Қазақстан Республикасы Бюджеттік Кодексінің 63 бабына сәйкес Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2007 жылға арналған қалалық бюджет N 1 қосымша сәйкес мына көлемде бекітілсін:

- 1) түсімдер - 19960534 мың теңге, соның ішінде:
 - салықтық түсімдер - 6172978 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер - 399000 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 7652022 мың теңге;
 - трансферттер түсімі - 5736534 мың теңге;
- 2) шығындар - 18622351 мың теңге;
- 3) операциялық сальдо - 1338183 мың теңге;
- 4) таза бюджеттік несиелеу - 0 мың теңге;
- 5) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығы (профицит) - 2157000 мың теңге;
- 7) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) - (-2157000) мың теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2007 жылғы 12 ақпандағы N 309, 2007 жылғы 16 сәуірдегі N 329, 2007 жылғы 17 шілдедегі N 358, 2007 жылғы 30 қазандағы N 16 шешімдерімен.

2. Қалалық бюджет кірістері Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексіне және Қазақстан Республикасының "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес қалыптасады деп белгіленсін.

2-1. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджеттік Кодексінің 111, 116 баптарына сәйкес және Ақтөбе қаласының салық комитетінің ұсыныстары негізінде, түсімдердің жылдық көлемі 831000 мың теңгеге көбейтілсін, соның ішінде:

- 1) 101201 "Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы" 26794 мың теңгеге;
- 2) 101202 "Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы" 30000 мың теңгеге;
- 3) 104101 "Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық" 25000 мың теңгеге;
- 4) 105202 "Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген арақ" 270600 мың теңгеге;
- 5) 105223 "Құмар ойын бизнесі" 32606 мың теңгеге;
- 6) 108102 "Сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше өндірістегі істер бойынша арыздардан (шағымдардан), жүгіну шағымдарынан, атқару парағының көшірмесін беру туралы мәселе бойынша сот анықтамасына жеке шағымдардан, сот бұйрығын шығару туралы арыздардан, сондай-ақ соттың шет ел соттары мен төрелік соттарының шешімдері бойынша атқару парақтарын, құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені үшін алынатын мемлекеттік баж" 45000 мың теңгеге;
- 7) 206109 "Жергілікті бюджеттегі салыққа жатпайтын өзге де түсімдер" 151000 мың теңгеге;
- 8) 303101 "Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер" 250000 мың теңгеге.

2-2. Заңнама өзгеру негізінде және бюджеттің сапалы орындалуы мақсатында салықтың келесі түрлеріне жылдық көлемі түсімдері 8000 мың теңгеге азайтылсын, соның ішінде:

- 1) 101203 "Қызметін біржолғы талон бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы" 8000 мың теңгеге.

Ескерту. 2 тармақ 2-1, 2-2 тармақшаларымен толықтырылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2007 жылғы 16 сәуірдегі N 329 шешімімен.

2-3. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджеттік Кодексінің 111, 116-бабтарына сәйкес және Ақтөбе қаласының салық комитетінің ұсыныстары негізінде түсімдердің жылдық көлемі 650 млн. теңгеге көбейтілсін, соның ішінде:

- 101202»"Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы" 150 млн. теңгеге;

- 104101»"Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық" 15 млн. теңгеге;

- 104308»"Елді мекендер жерлеріне заңды тұлғалардан, жеке кәсіпкерлерден, жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы" 5 млн. теңгеге;

108102»"Сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше өндірістегі істер бойынша арыздардан (шағымдардан), жүгіну шағымдарынан, атқару парағының көшірмесін беру туралы мәселе бойынша сот анықтамасына жеке шағымдардан,

сот бұйрығын шығару туралы арыздардан, сондай-ақ соттың, шетел соттары мен төрелік соттардың шешімдері бойынша атқару парақтарын, құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені үшін алынатын мемлекеттік баж" 50 млн. теңгеге ;

204105»"Жергілікті мемлекеттік органдар салатын әкімшілік айыппұлдар мен санкциялар" 30 млн. теңгеге ;

303101»"Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер" 400 млн. теңгеге.

Ескерту. 2 тармақ 2-3 тармақшасымен толықтырылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2007 жылғы 17 шілдедегі N 358 шешімімен.

2-4. Бюджеттің сапалы орындалуы мақсатында және Ақтөбе қалалық салық комитетінің ұсыныстары негізінде түзету келесі түсімдер бойынша енгізілсін:

1. Жылдық көлемі 1 млрд. 130 млн. 538 мың теңгеге көбейтілсін, соның ішінде:

101201 "Төлем көздеріне салынатын кірістерден жеке табыс салығы" 43 млн. 260 мың теңгеге ;

101202 "Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы" 30 млн. теңгеге ;

103101 "Әлеуметтік салық" 17 млн. теңгеге ;

104101 "Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық" 120 млн. теңгеге ;

104401 "Заңды тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық" 13 млн. теңгеге ;

104402 "Жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық" 25 млн. теңгеге ;

105223 "Құмар ойын бизнесі" 5 млн. 78 мың теңгеге ;

105291 "Өндірушілер көтерме саудада сататын өзі өндіретін дизель отыны" 900 мың теңгеге ;

105296 "Өндірушілер бөлшек саудада өткізетін, өз өндірісінің (авиациялықты қоспағанда), сондай-ақ өз өндірістік мұқтаждарына пайдаланатын бензин" 9 млн. теңгеге ;

105297 "Заңды және жеке тұлғалар бөлшек саудада өткізетін, сондай-ақ өз өндірістік мұқтаждарына пайдаланалатын дизель отыны" 3 млн. 100 мың теңгеге ;

105401 "Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым" 2 млн. теңгеге ;

108102 "Сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше өндірістегі істер бойынша арыздардан (шағымдардан), жүгіну шағымдарынан, атқару парағының көшірмесін беру туралы мәселе бойынша сот анықтамасына жеке шағымдардан, сот бұйрығын шығару туралы арыздардан, сондай-ақ соттың шет ел соттары мен

төрелік соттарының шешімдері бойынша атқару парақтарын, құжаттардың көшірмелерін (түпнұсқаларын) бергені үшін алынатын мемлекеттік баж салығы" 1 5 м л н . т еңгеге ;

201504 "Комуналдық меншікке мүлікті жалға беруден түсетін кірістер" 6 млн. т еңгеге ;

202102 "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен түсімдер" 1 м л н . 2 0 0 м ың т еңгеге ;

204105 "Жергілікті мемлекеттік органдар салатын әкімшілік айыппұлдар мен санкциялар" 1 0 млн.теңгеге ;

303101 "Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер" 830 млн. теңгеге.

2. Жылдық көлемі 1 млрд. 130 млн. 538 мың теңгеге азайтылсын, соның ішінде:

105202 "Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген арақ" 638 млн. 6 0 0 м ың т еңгеге а з а й т ы л с ы н ;

105203 "Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген күшті ликер - арақ бұйымдары және басқа да күшті алкогольді ішімдіктер" 7 млн. теңгеге а з а й т ы л с ы н ;

105207 "Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген сыра" 3 млн. 600 м ың т еңгеге а з а й т ы л с ы н ;

105290 "Өндірушілер көтерме саудада сататын өзі өндіретін бензин (авиациялық бензинді қоспағанда)" 1 млн. 400 мың теңгеге азайтылсын;

105292 "Өндірушілер бөлшек саудада өткізетін өз өндірісінің (авиациялықты қоспағанда), сондай-ақ өз өндірістің мұқтаждарына пайдаланылатын бензин" 660 м ың т еңгеге а з а й т ы л с ы н ;

105293 "Өндірушілерге бөлшек саудада өткізетін өз өндірісінің, сондай-ақ өз өндірістік мұқтаждарына пайдаланылатын дизель отыны" 300 мың теңгеге а з а й т ы л с ы н .

301103 "Жеке азаматтардан үй сатудан түсетін түсімдер" 478 млн. 978 мың т еңгеге а з а й т ы л с ы н .

Ескерту. 2 тармақ 2-4 тармақшасымен толықтырылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2007 жылғы 30 қазандағы N 16 шешімімен.

3. Облыстық мәслихаттың "2007 жылға арналған облыстық бюджет туралы" шешімімен жалпы мемлекеттік салықтар түсімдерінің жалпы сомасы қалаға мынадай мөлшерде бөлінгені еске алынсын:

1) төлем көздеріне салынған кірістерден жеке табыс салығы - 5 пайыз;

2) әлеуметтік салық - 5 пайыз.

4. Қазақстан Республикасы Бюджеттік Кодексінің 49-шы бабына сәйкес, 1 тармағының 1,2 тармақшаларда қаралғандарды қоспағанда, түсімдер қалалық бюджет кірісіне толық есептелсін.

5. Қазақстан Республикасының 2006 жылдың 8 желтоқсанындағы N 194 - III ҚРЗ "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес басшылыққа алынып тиісті бюджет кірісі:

Біртұтас бюджеттік классификацияның кірістер классификациясының "Әлеуметтік салық" коды бойынша-бұрын зейнетақы қорына, зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталыққа, міндетті медициналық сақтандыру Қорына, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру Қорына, жұмыспен қамтуға көмектесу Қорына, сол сияқты, бұрын Жол қорына түсіп келген, автомобиль жолдарын пайдалануға аударылған жарналар бойынша қарыз;

"Өндірушілер көтерме түрде сататын өздері шығаратын бензин (авиациялықтан басқасы)" коды бойынша-бұрын Жол қорына түскен, бензиннен алынатын алым бойынша қарыз;

"Өндірушілер көтерме түрде сататын өздері шығаратын дизель отыны" коды бойынша-бұрын Жол қорына түскен, дизель отынынан алынған алым бойынша қарыз есептелінеді.

6. Қазақстан Республикасының "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, көрсетілген қорға аударылған есептелген соманың үстіндегі мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру Қорынан төленетін еңбекке уақытша жарамсыздық, жүктілік, босануға, бала тууға байланысты жұмыс берушілер есептейтін жәрдемақылар мөлшерінің артуы нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсанда пайда болған жағымсыз сальдо еңбек ақы қорының 3 пайыз шегінде әлеуметтік салықты есептеу шотына ай сайын есептеледі.

7. Облыстық мәслихаттың 2006 жылғы 12 желтоқсандағы N 308 шешімінің 5 тармағына сәйкес 2007 жылға Ақтөбе қалалық бюджетінен облыстық бюджетке 2106817 мың теңге мөлшерінде алып қою белгіленді.

8. Қазақстан Республикасының "2007 жылға арналған республикалық бюджеті туралы" Заңына сәйкес 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап мыналарды басшылыққа алу белгіленді:

еңбек ақының аз мөлшері - 9752 теңге;

негізгі зейнетақылық төлем мөлшері - 3000 теңге;

зейнетақының аз мөлшері - 7236 теңге;

жәрдемақылар және басқа әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ айыппұлдар, салықтар және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да төлемдер есептеу үшін айлық есептік көрсеткіш - 1092 теңге.

негізгі әлеуметтік төлемдер мөлшерін есептеу үшін күнкөрістің аз мөлшерінің көлемі - 8861 теңге.

9. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою және кезек күттірмес шығындар үшін қала әкімінің 2007 жылға арналған резерві 37901 мың теңге болып бекітілсін.

10. 2006 жылға арналған қалалық бюджеттің ағымдағы бюджеттік бағдарламасының тізбесі N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. 2006 жылға арналған қалалық бюджетті дамытудың қалалық бағдарламасының тізбесі N 3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

12. Қалалық бюджетті орындау процесінде қысқартуға жатпайтын қалалық бюджет бағдарламасының тізбесі N 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

13. Бюджеттік бағдарламалардың ұйымдастырушылары болып табылатын қалалық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың тізбесі N 5 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. Осы шешім әділет органында тіркелген бастап күшіне енеді.

15. 2007 жылғы 1 қаңтардағы Бюджет қаржысының ерікті қалдықтары есебінен жалпы сомасы 957 млн. 701 мың теңге бөлінсін:

"Ақтөбе қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жалпы білім беру" бағдарламасына 4 млн. 294 мың теңге;

"Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу" бағдарламасына 1 млн. 853 мың теңге, "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 640 мың теңге;

"Ақтөбе қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Тұрғын үй салу" бағдарламасына 303 млн. 746 мың теңге, "Білім беру объектілерін дамыту" бағдарламасына 108 млн. 580 мың теңге, "Жылу-энергетикалық жүйені дамыту" бағдарламасына 4 млн. 300 мың теңге, "Дене шынықтыру және спорт объектілерін дамыту" бағдарламасына 13 млн. 600 мың теңге, "Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру" бағдарламасына 5 млн. теңге, "Көркейту объектілерін дамыту" бағдарламасына 145 млн. 441 мың теңге, "Құрылыс бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 256 мың теңге, "Сумен жабдықтау жүйесін дамыту" бағдарламасына 1 млн. 500 мың теңге ;

"Ақтөбе қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Кентішілік (қалаішілік) және ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру" бағдарламасына 84 млн. теңге, "Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету" бағдарламасына 7 млн. теңге, "Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру" бағдарламасына 55 млн. теңге, "Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету" бағдарламасына 22 млн. 650 мың

теңге, "Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру" бағдарламасына 33 млн. 740 мың теңге, "Елді мекендерде жол жүру қозғалысын реттеу бойынша жабдықтар мен құралдарды пайдалану" бағдарламасына 28 млн. 169 мың теңге, "Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 512 млн. теңге;

"Ақтөбе қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Шұғыл шығындарға арналған қаланың жергілікті орындаушы органының резерві" бағдарламасына 300 мың теңге, "Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту" бағдарламасына 47 млн. теңге, "Қаржы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 852 мың теңге;

"Ақтөбе қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қала әкімі қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 47 млн. 500 мың теңге;

"Ақтөбе қаласы экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 12 млн. 512 мың теңге;

"Ақтөбе қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу" бағдарламасына 1 млн. теңге, "Дене шынықтыру және спорт бөлімі қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 128 мың теңге;

"Ақтөбе қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мәдени-демалыс жұмысын қолдау" бағдарламасына 16 млн. 860 мың теңге, "Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі" бағдарламасына 10 млн. 500 мың теңге;

"Ақтөбе қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жер қатынастары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 256 мың теңге;

"Ақтөбе қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 256 мың теңге;

"Ақтөбе қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 128 мың теңге;

"Ақтөбе қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Кәсіпкерлік бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 128 мың теңге.

Ескерту. 15-тармақпен толықтырылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2007 жылғы 12 ақпандағы N 309 шешімімен.

16. Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 19 қаңтардағы N 108 "Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 19 қаңтардағы N 1 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысы негізінде Бюджет қаржысының ерікті

қалдықтар есебінен "Ақтөбе қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру" бағдарламасына 32 млн.1 мың теңге бөлінгенін, қолданылмаған арнайы трансферттер 39 млн. 929 мың теңге сомасында қайтарылғанын назарға алу.

Ескерту. 16-тармақпен толықтырылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2007 жылғы 12 ақпандағы N 309 шешімімен.

17. Облыстық мәслихаттың 2007 жылғы 5 ақпандағы N 332 шешімімен облыстық бюджеттен бөлінген 73 млн. теңге мақсатты трансферттер "Ақтөбе қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі" бағдарламасына, республикалық бюджеттен бөлінген 11 млн. 56 мың теңге "Ақтөбе қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Электрондық үкімет шеңберінде адам капиталын дамыту" бағдарламасына бағытталғанын назарға алу.

17-1. Облыстық мәслихаттың 2007 жылғы 4 сәуірдегі отызыншы сессиясының N 336 шешімімен облыстық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттер, бағытталғаны еске алынсын:

"Ақтөбе қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі" бағдарламасына 50 млн. теңге, "Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету" бағдарламасына 150 млн. теңге, "Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру" бағдарламасына 30 млн. теңге, "Елді мекендерде жол жүру қозғалысын реттеу бойынша жабдықтар мен құралдарды пайдалану" бағдарламасына 6 млн. теңге, "Қаланың коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру" бағдарламасына 100 млн. теңге;

"Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бағдарламасына 590 мың теңге;

17-2. Осы шешіммен бұрын республикалық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттер "Ақтөбе қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жалпы білім беру" бағдарламасы 7 млн. теңгеге кемітілді.

Ескерту. 17-тармақпен толықтырылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2007 жылғы 12 ақпандағы N 309 шешімімен, 17 тармақ 17-1, 17-2 тармақшаларымен толықтырылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2007 жылғы 16 сәуірдегі N 329 шешімімен.

«17-3. Облыстық мәслихаттың 2007 жылғы 11 шілдедегі отыз екінші сессиясының N 371 шешімімен облыстық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттер бағытталғаны еске алынсын:

"Ақтөбе қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру" бағдарламасына 20 млн. теңге,» "Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі" бағдарламасына 63 млн. 100 мың теңге;

"Ақтөбе қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің» "Жалпы білім беру" бағдарламасына Қызылжар поселкесіндегі мектепті электр жүйелеріне қосуға 6 млн. 732 мың теңге;

"Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің» "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бағдарламасына 10 млн. 460 мың теңге;

17-4. Республикалық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттер бағытталғаны еске алынсын:

"Ақтөбе қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің» "Білім беру саласындағы мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізу" бағдарламасына 14 млн. 411 мың теңге;

« "Ақтөбе қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің» "Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі" бағдарламасына 4 млн. теңге;

« "Ақтөбе қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жылу - энергетикалық жүйені дамыту" бағдарламасына 21 млн. 567 мың теңге, "Білім беру объектілерін дамыту" бағдарламасына Қызылжар поселкесіндегі 340 орынды орта мектеп құрылысын аяқтауға 141 млн. 89 мың теңге, "Шанхай мөлтек ауданында 1200 орынды орта мектеп құрылысына 423 млн. 540 мың теңге, "Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру" бағдарламасына Ақтөбе қаласының жаңа тұрғын үйлеріне инженерлік - коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің құрылысына 2 млрд. теңге;

17-5. Осы шешіммен бұрын облыстық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттер» "Ақтөбе қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің» "Тұрғын үй салу" бағдарламасы бойынша 170 млн. теңгеге,» "Ақтөбе қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің» "Жалпы білім беру" бағдарламасы бойынша жанармай алуға бөлінген қаражат 1 млн. 37 мың теңгеге кемітілді;

17-6. Осы шешіммен бұрын республикалық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттер» "Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің» "Тұрғын үй көмегі"

бағдарламасы бойынша қалалық телекоммуникациялар желілері абоненттері болып табылатын әлеуметтік - қорғалатын азаматтардың телефон үшін абоненттік төлемдері тарифінің көтерілуіне өтемақыға бөлінген қаражат 4 млн. 216 мың теңгеге кемітілді. <*>

Ескерту. 17 тармақ 17-3, 17-4, 17-5, 17-6 тармақшаларымен толықтырылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2007 жылғы 17 шілдедегі N 358 шешімімен.

17-7. Облыстық мәслихаттың 2007 жылғы 12 қазандағы кезектен тыс екінші сессиясының N 13 шешімімен облыстық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттер "Ақтөбе қаласының ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ауыл шаруашылық бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 500 мың теңге бағытталғаны еске алынсын.

17-8. Осы шешіммен бұрын облыстық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттер кемітілді:

"Ақтөбе қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жалпы білім беру" бағдарламасы бойынша 2 млн. 483 мың теңгеге;

"Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бағдарламасы бойынша 560 мың теңгеге.

17-9. Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 17 тамыздағы N 2360 "Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 5 қаңтардағы N 1 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысымен "Ақтөбе қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Көлік инфрақұрылымын дамыту" бағдарламасы бойынша қаражаттары 241 мың теңгеге кемітілгені еске алынсын.

Ескерту. 17 тармақ 17-7, 17-8, 17-9 тармақшаларымен толықтырылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2007 жылғы 30 қазандағы N 16 шешімімен.

18. Қазақстан Республикасы Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1317 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысымен енгізілген өзгерістерге байланысты "Ақтөбе қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Елді мекендерді жер шаруашылық орналастыру" бағдарламасының жоспарлық тағайындаулары кемітіліп, "Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру" бағдарламасы 5 млн. 288 мың теңге сомасына көбейтілсін. <*>

18-1. "Ақтөбе қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Шұғыл шығындарға арналған қаланың жергілікті орындаушы органының қоры"

бағдарламасы бойынша қаражаттары 3 млн. 968 мың теңгеге кемітіліп, "Соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві" бағдарламасына бағытталсын;

18-2. "Ақтөбе қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Көркейту объектілерін дамыту" бағдарламасы бойынша қаражаттары 46 млн. 326 мың теңгеге кемітіліп, "Ақтөбе қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру" бағдарламасына 18 млн. 900 мың теңге, "Елді мекендерде жол жүру қозғалысын реттеу бойынша жабдықтар мен құралдарды пайдалану" бағдарламасына 27 млн. 426 мың теңге бағытталсын;

18-3. "Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша қаражаттары 1 млн. 757 мың теңгеге кемітіліп, "Ақтөбе қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қала әкімі қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына бағытталсын;

18-4. "Ақтөбе қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша қаражаттары 863 мың теңгеге кемітіліп, "Ақтөбе қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қала әкімі қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 368 мың теңге, "Ақтөбе қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Кәсіпкерлік бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 495 мың теңге бағытталсын;

18-5. "Ақтөбе қаласы экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша қаражаттары 500 мың теңгеге кемітіліп, "Ақтөбе қаласының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ішкі саясат бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 342 мың теңге, "Ақтөбе қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Кәсіпкерлік бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 158 мың теңге бағытталсын;

18-6. "Ақтөбе қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мәдени-демалыс жұмысын қолдау" бағдарламасы бойынша қаражаттары 1 млн. теңгеге кемітіліп, "Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі" бағдарламасына бағытталсын;

18-7. "Ақтөбе қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жалпы білім беру" бағдарламасы бойынша қаражаттары 119 млн. 800 мың теңгеге кемітіліп, "Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 99 млн. 800 мың теңге және "Ақтөбе қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві" бағдарламасына 20 млн. теңге бағытталсын;

18-8. "Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек" бағдарламасы бойынша қаражаттары 12 млн. теңгеге кемітіліп, "18 жасқа дейін балаларға мемлекеттік жәрдемақылар" бағдарламасына бағытталсын;

18-9. "Ақтөбе қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 7-ші функционалдық топтағы "Сумен жабдықтау жүйесін дамыту" бағдарламасы бойынша қаражаттары 41 млн. 500 мың теңгеге кемітіліп, 10-шы функционалдық топтағы "Сумен жабдықтау жүйесін дамыту" бағдарламасына бағытталсын.

Ескерту. 18-тармақпен толықтырылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2007 жылғы 12 ақпандағы N 309 шешімімен. 18 тармақ 18-1, 18-2, 18-3, 18-4, 18-5, 18-6, 18-7, 18-8, 18-9 тармақшаларымен толықтырылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2007 жылғы 16 сәуірдегі N 329 шешімімен.

18-10.»"Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің»"Тұрғын үй көмегі" бағдарламасы бойынша 12 млн. теңге, "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша 270 мың теңге,»"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек" бағдарламасы бойынша 1 млн. 800 мың теңге,»"Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бағдарламасы бойынша 13 млн. 100 мың теңге сомасына азайтылып,»"18 жасқа дейін балаларға мемлекеттік жәрдемақылар" бағдарламасына 12 млн. 330 мың теңге,»"Еңбекпен қамту бағдарламасы"» бағдарламасына 10 млн. 530 мың теңге,»"Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету" бағдарламасына 300 мың теңге ,»"Ақтөбе қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің»"Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету" бағдарламасына 4 млн. 10 мың теңге бағытталсын ;

18-11.»"Ақтөбе қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің " Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша 6 млн. 435 мың теңге сомасына азайтылып,»"Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бағдарламасына 3 млн. 485 мың

теңге,»"Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру" бағдарламасына 2 млн . 950 мың теңге бағытталсын;

18-12.»"Ақтөбе қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің»"Жылу - энергетикалық жүйені дамыту" бағдарламасы бойынша 4 млн. 300 мың теңге,»" Көркейту объектілерін дамыту" бағдарламасы бойынша 60 млн. теңге сомасына азайтылып,»"Ақтөбе қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің»"Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту" бағдарламасына 60 млн. теңге,»"Ақтөбе қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің»"Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оларға сараптама жасау" бағдарламасына 1 млн. 62 мың теңге,»"Ақтөбе қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің " Мәдени-демалыс жұмысын қолдау" бағдарламасына 741 мың теңге,»"Ақтөбе қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру" бағдарламасына 500 мың теңге,»"Ақтөбе қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің»"Ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 330 мың теңге,»"Ақтөбе қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру" бағдарламасына 338 мың теңге,"Көлік жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету" бағдарламасына 1 млн. 329 мың теңге бағытталсын;

18-13.»"Ақтөбе қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің»"Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша 1 млн. 500 мың теңге сомасына азайтылып,»"Ақтөбе қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Кәсіпкерлік бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына б а ғ ы т т а л с ы н .

< * >

Ескерту. 18-тармақ 18-10, 18-11, 18-12, 18-13 тармақшаларымен толықтырылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2007 жылғы 17 шілдедегі N 358 шешімімен.

18-14. "Ақтөбе қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қала әкімі қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша 9 млн. 200 мың теңге, " Ақпараттық жүйелер құру" 1 млн. 95 мың теңге сомасына азайтылып, "Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар" бағдарламасына 4 млн. 365 мың теңге, "Ақтөбе қаласының мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Мәслихат қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 5 млн. 930 мың теңге бағытталсын;

18-15. "Ақтөбе қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату" бағдарламасы бойынша 4 млн. 450 мың теңге, "Шұғыл шығындарға арналған қаланың жергілікті орындаушы органының қоры" бағдарламасы бойынша 4 млн. 630 мың теңге, "Табиғи және техногендік мағынадағы төтенше жағдайларды жою үшін қаланың жергілікті органдарының төтенше қоры" бағдарламасы бойынша 1 млн. 221 мың теңге, "Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу" бағдарламасы бойынша 211 мың теңге сомасына азайтылып, "Қаржы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 3 млн. 391 мың теңге, "Ақтөбе қаласының мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Мәслихат қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 50 мың теңге, "Ақтөбе қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Балалар мен жас өспірімдер үшін қосымша білім беру" бағдарламасына 7 млн. 71 мың теңге бағытталсын;

18-16. "Ақтөбе қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жалпы білім беру" бағдарламасы бойынша 15 млн. 94 мың теңге сомасына азайтылып, "Балалар мен жас өспірімдер үшін қосымша білім беру" бағдарламасына 11 млн. 553 мың теңге, "Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 541 мың теңге, "Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу" бағдарламасына 3 млн. теңге бағытталсын;

18-17. "Ақтөбе қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша 2 млн. 560 мың теңге сомасына азайтылып, "Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 2 млн. 74 мың теңге, "Ақтөбе қаласының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ішкі саясат бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 136 мың теңге, "Ақтөбе қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Кәсіпкерлік бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 350 мың теңге бағытталсын;

18-18. "Ақтөбе қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша 4 млн. 279 мың теңге, "Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру" бағдарламасы бойынша 13 млн. 806 мың теңге, "Елді мекендерде жол жүру қозғалысын реттеу бойынша жабдықтар мен құралдарды пайдалану" бағдарламасы бойынша 8 млн. 230 мың теңге сомасына азайтылып, "Мемлекеттік тұрғын үй қорының

сақталуын ұйымдастыру" бағдарламасына 178 мың теңге, "Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 85 мың теңге, "Ақтөбе қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жер қатынастары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 57 мың теңге, "Ақтөбе қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 3 млн. 183 мың теңге, "Ақтөбе қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командалардың мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы" бағдарламасына 495 мың теңге, "Ақтөбе қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Білім беру объектілерін дамыту" бағдарламасына 20 млн. теңге, "Құрылыс бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 487 мың теңге, "Ақтөбе қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Кәсіпкерлік бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 150 мың теңге, "Кәсіпкерлік қызметті қолдау" бағдарламасына 1 млн. 680 мың теңге бағытталсын;

18-19. "Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Еңбекпен қамту бағдарламасы" бағдарламасы бойынша 2 млн. 633 мың теңге, "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек" бағдарламасы бойынша 590 мың теңге, "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бағдарламасы бойынша 4 млн. 887 мың теңге, "1999 жылдың 26 шілдесінде "Отан", "Даңқ" ордендерімен марапатталған, "Халық Қаһарманы" атағын және республиканың құрметті атақтарын алған азаматтарды әлеуметтік қолдау" бағдарламасы бойынша 61 мың теңге сомасына азайтылып, "Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету" бағдарламасына 14 мың теңге, "18 жасқа дейін балаларға мемлекеттік жәрдемақылар" бағдарламасына 5 млн. 178 мың теңге, "Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу" бағдарламасына 1 млн. 880 мың теңге, "Ішкі әскерлер мен мерзімді қызметтегі әскери қызметкерлерді әлеуметтік қолдау" бағдарламасына 58 мың теңге, "Ақтөбе қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Құрылыс бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 1 млн. 41 мың теңге бағытталсын;

18-20. "Ақтөбе қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Көркейту объектілерін дамыту" бағдарламасы бойынша 2 млн. 646 мың теңге, "Сумен жабдықтау жүйесін дамыту" бағдарламасы бойынша 487 мың теңге сомасына азайтылып, "Құрылыс бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 3 млн. 133 мың теңге бағдарламасына бағытталсын;

18-21. "Ақтөбе қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру" бағдарламасына 2 млн. 96 мың теңге сомасына азайтылып, "Ауыл шаруашылық бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына бағытталсын;

18-22. "Ақтөбе қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Елді мекендер құрылысының бас жоспарларын әзірлеу" бағдарламасы бойынша 524 мың теңге сомасына азайтылып, "Ақтөбе қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ауыл шаруашылық бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 515 мың теңге, "Ақтөбе қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Құрылыс бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 9 мың теңге бағытталсын;

18-23. "Ақтөбе қаласының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру" бағдарламасы бойынша 61 мың теңге сомасына азайтылып, "Ақтөбе қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Құрылыс бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына бағытталсын.

Ескерту. 18-тармақ 18-14, 18-15, 18-16, 18-17, 18-18, 18-19, 18-20, 18-21, 18-22, 18-23 тармақшаларымен толықтырылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2007 жылғы 30 қазандағы N 16 шешімімен.

19. Түсімдер өсімінің есебінен түскен 823 мың теңге қаражаттар бағытталсын:

"Ақтөбе қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру" бағдарламасына 18 млн. теңге, "Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету" бағдарламасына 122 млн. теңге, "Көлік инфрақұрылымын дамыту" бағдарламасына 18 млн. теңге, "Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету" бағдарламасына 299 млн. теңге, "Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақтаулуын ұйымдастыру" бағдарламасына 2 млн. теңге, "Кентішілік (қалаішілік) және ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру" бағдарламасына 65 млн. теңге;

"Ақтөбе қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін оқулықтармен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу" бағдарламасына 17 млн. теңге, "Жалпы білім беру" бағдарламасына 86 млн. 500 мың. теңге, "Балалар мен жасөспірімдер үшін қосымша білім беру" бағдарламасына 7 млн. 500 мың. теңге, "Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету" 32 млн. теңге;

"Ақтөбе қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу" бағдарламасына 8 млн. теңге;

"Ақтөбе қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту" бағдарламасына 55 млн. теңге;

"Ақтөбе қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Көркейту объектілерін дамыту" бағдарламасына 12 млн. теңге, "Тұрғын үй салу" бағдарламасына 78 млн. теңге;

"Ақтөбе қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қала әкімі қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 3 млн. теңге.

Ескерту. 19-тармақпен толықтырылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2007 жылғы 16 сәуірдегі N 329 шешімімен.

19-1. Кірістер өсімінің есебінен түскен 650 млн. теңге қаражат бағытталсын:

